

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Ұялы телефонға балалардың қатынасы

ЖАРИЯЛАНДЫ
15.08.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/142541/>

Маратова Жадыра Маратқызы

Заман ағымына сай , технологияның дамыған кезеңінде кез-келгеннің қолында «ұялы телефон» кездесері сөзсіз. Үлкенді – кішілі әсіресе, балалардың телефонға деген телміруі көңіл қынжылтады. Қанша жерден зиянын айтып дабыл қағып жатса да , біз ата-аналар , өзіміз « аш құлақтан тыныш құлақ» деп сәл жылап , мазасызданса қолдарына ұстата салатынымыз жасырын емес. Алайда, дені сау, сабырлы ұрпақ болып қалыптасу үшін балалардың болашағына бей-жай қарамағанымыз абзал. Қалта телефонының көзге , жүйке жүйесінің дамуына кері әсерін ескерсек, ойыншық құрал ретінде пайдаланатын осы затты басқа да пайдалы әрекеттермен алмастырсақ деген ой менікі. Бірге ойын ойнап, сүйікті істерін бірге жасап, телефоннан шектей білсек, балалардың болашағы да зор боларына кәміл сенемін. Қазақ халқындағы ақын, жазушылардың өміріне үңілсек жастық шағын ілім, білімге арнап ұялы телефонсыз ақ аты әлемге әйгілі болып жүргені.« Ел боламын десең, бесігіңді түзе » дегендей, ұрпағымызбен мақтанар ұлт болайық!

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.